

Information about authors:

Rustem Dosmurzinov - **corresponding author**, PhD doctoral student, 3 year of educational program on “Archaeology and ethnology”, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Republic of Kazakhstan

E-mail: rustem.dosmurzinov@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-1756-8236>

Информация об авторах:

Рустем Досмурзинов - **основной автор**, PhD докторант 3 курса образовательной программы «Археология и этнология», Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, г. Астана, Республика Казахстан

E-mail: rustem.dosmurzinov@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-1756-8236>

Авторлар туралы ақпарат:

Рустем Досмурзинов – **негізгі автор**, «Археология және этнология» оқу бағдарламаасының 3-курс PhD докторанты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: rustem.dosmurzinov@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-1756-8236>

FTAMP 11.25.19

ӘОЖ 327

DOI 10.47649/vau.2023.v69.i2.03

С.Ж. Сапанов^{1*} , А.Ж. Саурбаев² , А.Д. Абдулов¹ 

¹Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті

Атырау қ., 060011, Қазақстан Республикасы

²Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университеті

Түркістан қ., 161200-161205, Қазақстан Республикасы

*e-mail: cefosh1@mail.ru

СТРАТЕГИЯЛЫҚ ШЕКАРА ЖӘНЕ ӨМІРЛІК КЕҢІСТІКKE ҚАТЫСТЫ ҚЫТАЙДЫҢ СЫРТҚЫ САЯСИ ТҰЖЫРЫМДАМАЛАРЫ

Андатпа.

Қазақстан-Қытай арасындағы мемлекеттік шекара мәселесі – халықаралық қатынастар тарихындағы өзекті мәселелердің бірі. Бұл тақырыптың саяси маңыздылығы әр мемлекет үшін ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, территориялық тұтастық пен тәуелсіздігін сақтап қалуда шекаралар мәселесі көкейкесті болып табылады.

Халықаралық қатынастар субъектісі ретінде кез келген мемлекетке 3 сипат тән екендігін атап өту қажет: территориясы, халқы және саяси ұйымы. Мемлекеттің геосаяси белгісі оның белгілі бір территориясы ғана емес, саяси кеңістігінің де болуында. Ал мемлекет тәуелсіздігі мен оның қауіпсіздік факторы маңызды компоненттер ретінде оның саясатын көрсетеді. Мемлекеттік шекарада елдің ұлттық мүдделері мен олардың арасындағы қатынастардың күрделі кешені жасырын тұрады. Заңды түрде рәсімделген және халықаралық түрде танылған шекаралар кез келген мемлекеттің сипаты болып табылады. Егер елтаңбасын, туын, әнұранын, конституциясын әр елдің өзі айқындайтын болса, мемлекеттік шекара желісін белгілеу қажетті халықаралық келісімшарттарды жасау мен оны әлемдік қоғамдастықтардың тануын қажет етеді. Осыған байланысты, шекаралардың беріктігі, әділеттілігі демаркация желісінің географиялық сипаттарына ғана тәуелді емес, сондай-ақ екі мүдделі жақ қол жеткізген түсіністікке қатысты.

Тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстан халықаралық қатынастардың толық құқықты факторы болып табылды. Мемлекетіміз үшін маңызды мәселенің бірі – қауіпсіздік, оны қамтамасыз етудің негізі – Республика шекарасын нығайту.

Негізгі сөздер: Қазақстан Республикасы, ҚХР, шекара, делимитация, демаркация, халықаралық қатынастар.

Кіріспе.

Аталған мәселенің маңыздылығы шекаралық және ҚХР «стратегиялық шекара» және «өмірлік кеңістікке» қатысты сыртқы саяси тұжырымдамаларының мәні мен шешімі, сондай-ақ даулы территориялардың пайда болу себептерімен анықталады. Мақалада шекара мәселесі «стратегиялық шекара» мен «өмірлік кеңістік» Қытай тұжырымдамасының призмасы арқылы талданады. Берілген тұжырымдама Қытай әскери доктринасына байланысты сұрақтар Қазақстандық тарихнамада қарастырылмаған. Осы мақсатпен мақалада ҚХР-дың «өмірлік кеңістік» және «стратегиялық шекарасы» доктринасына талдау жасалады.

Қазақстан мен Қытай арасындағы шекаралық мәселенің даму үдерісінің түп-төркіні Қытайдың патшалық Ресеймен, әрі қарай КСРО-мен қарым-қатынастары тарихымен байланысты. Бұл ретте аталған проблеманың келісімдік-құқықтық базасын қарастыру қажет. Өткен ғасырдан Қытай үш проблемамен өтті: тұрғындар саны, жер, су. Қытай тарихы – жер үшін күрес тарихы. Яғни өңдеуге, тыңайтуға қолайлы жерлер үшін талас. Қазіргі уақытта Қытай басшылығы үшін күрделі демографиялық жағдаймен шиеленісіп отырған жер мен су тапшылығы стратегиялық бірінші кезектегі проблемалардың бірі. Шекаралық жерлер мен трансшекаралық өзендер мәселесіндегі Қытай жағының тұрақсыздығын бағалау үшін олардың ерекше жұмылдырушылық қасиетін ескеру қажет. Осыған қатысты геосаяси шекаралар мәселесі туындайды, яғни геостратегиялық акторлармен бірге демографиялық, экономикалық және территориялық акторлар маңызды рөл атқарады [1].

Қытай мемлекеттілігінің таралу шекарасының нақты айтылмауының үш себебі бар: біріншіден, шекараны техникалық дәл белгілеу жүргізілмеген; екіншіден, көптеген территориялар өз тәуелсіздіктерін таныды, оның дәрежесін қазіргі халықаралық құқықтану анықтай алмайды; үшіншіден белгілі бір аумақты қысқа мерзімге басып алуды (1-2 күн немесе айлар) түбегейлі оны меншіктілікке айналдырмайды. Соңғы пікірге сүйене отырып, кейбір қытай тарихшылары Солтүстік Ауған, Иран тіпті Ресей Қара теңіз аймағына дейін жеткен «ежелгі» Қытай шекарасы туралы айтқан. Территорияларды басып алуды ақтайтын Әскери доктринадан басқа Қытай осы мақсатпен тағы бір негіздеме ұсынған. Ол белгілі «36 стратагемалардың» ішіндегі бесінші стратагема. Онда «Егер жау ішкі жағынан жеңілсе, оның жерлерін басып ал. Егер сырт жағынан жеңілсе, халқын бағындыр, егер екі жағынан да жеңіліс тапса, онда мемлекетін ал» деп көрсетілген.

Қытай үшін шекаралар бір мезгілде геосаяси нақтылық, геосаяси мақсат және геосаяси құрал болып табылады. Бұл жерде белгілі неміс географы, саяси географияның негізін салушы Фридрих Ратцельдың географиялық заңдары әділдік тұрғыдан танылады. Заңдар «Саяси география» еңбегінде жарияланған, мұнда Ратцель мемлекет кеңістігінің өсуі принциптерінің жиынтығы. «Шекара – мемлекеттің түпкір органы, ол мемлекеттің өсу деңгейінің күші мен әлсіздігінің және ондағы өзгерістердің куәсі» [2].

Жоғарыда атап көрсетілген мәселелер Қытай әскери доктринасында баяндалған «стратегиялық шекара», «өмірлік кеңістік» атты ҚХР сыртқы саяси тұжырымдамасында қарастырылған. Осы тұжырымдамаға сәйкес, ҚХР саны миллиардтан асатын халықтың өмірі мен қауіпсіздігін қамтамасыз ететін кеңістіктен де тапшылық көруде. Мұндай жағдайда «стратегиялық шекара», «өмірлік кеңістіктің» «мемлекеттің кешенді қуаты» өкіміне қарай ауысуы қажет, онда мемлекет әскери күш көмегімен өз мүддесін қорғай алады.

Зерттеу материалдары мен әдістері.

Аталмыш мақала ҚХР «стратегиялық шекара» және «өмірлік кеңістікке» қатысты сыртқы саяси тұжырымдамаларын жүйелі талдау элементін қолданумен қатар, жүйенің құрылымын ғана емес, дамуында қарастырған. Сондай-ақ, авторлар Қытаймен шекаралық мәселені шешудегі қазақстандық дипломатияның рөлін талдағанын атап өту керек. Шекаралық мәселені шешудің заңдылығы жөніндегі дау-дамайлар көп уақыт толастаған жоқ. Мақаладағы көтерілген мәселелерді талдауда деректік негіздер бірнеше топқа бөліп қарастырылған.

Бірінші қатарға дипломатиялық құжаттарды жатқызуға болады. Олар өз кезегінде екі жақты және көп жақты болып бөлінеді. Екі жақты құжаттарға Қазақстан мен Қытай арасында қол қойылған шекаралық мәселені реттеу жөніндегі құжаттарды жатқызуға болады. Олардың ішіндегі ерекше маңыздысы тікелей Қазақстан-Қытай шекарасын делимитациялауға арналған әдебиет баспаға беріліп, орыс тіліндегі құжаттар жинағында талданды. Сондай-ақ шекаралық мәселелердің толық шешілуі туралы тағы бір құжат қазақ, орыс және қытай тілдерінде Пекинде жарық көрді. Екі жақты құжаттарға Пекинде 3 тілде жарияланған өзара қарым-қатынастар негізі туралы бірлескен декларацияларды айтуға болады. Көпжақты дипломатиялық құжаттар ҚХР және онымен шектесетін елдердің арасындағы консенсус нәтижесі болып табылады. Олар орыс тілінде берілген.

Екінші топтағы құжаттарға мемлекеттік шекараны рәсімдеу мен қорғауға арналған Қазақстан Республикасының заңнамалық актілері жатады. «Мемлекеттік шекара» туралы ҚР заңы шекараны бекіту, оны белгілеудегі өзгерістер мен қорғау режимін қарастыратын негізгі құжат болып табылады. Заңды дамыту үшін ҚР-дың Ұлттық қауіпсіздік комитеті шекаралық қызметінің мемлекеттік шекараны қорғау тұжырымдамасы қабылданды.

Үшінші топтағы құжаттар ретінде авторлар ҚР Сыртқы істер министрлігінің ағымдағы мұрағатын көрсеткен. Мұнда Қазақстан мен Қытай арасындағы даулы учаскелердің сызбасы және ақпараттық-талдау анықтамалығы берілген, бұл құжаттардың ешқайсысының құпиялылық сипаты жоқ. Бұл құжаттар ҚР Сыртқы істер министрлігінде орыс тілінде талдап көрсеткен.

Әдебиеттердің жоғарыда берілген үш тобының объективтілік деңгейі өте жоғары, ресми құжаттар болғандықтан және мүдделі жақтармен жасалғандықтан, олар қалыптасқан жағдайды нақты көрсетеді (1-топтағы құжаттар).

Құжаттардың келесі түрлері: баяндамалар, сұхбаттар мен жеке хат алмасулар. Баяндамаларға орыс тіліне аударылған 50-60 жылдардағы Қытай басшыларының сөздері жатады. Бұл баяндамалардан Қытайдың көршілес елдерге деген территориялық дәмеленуін көруге болады. Мәселен, мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаев екі мемлекет арасындағы даулы учаскелердің пайда болу себептерін, шекаралық мәселені шешу үдерісі және қол жеткізілген нәтижелердің біздің елдеріміз үшін маңыздылығына ерекше мән берген.

Сондай-ақ баспасөзде және (ҚРХП) Қазақстанның республикалық Халық партиясы сайтында орыс тілінде жарияланған мемлекеттік және саяси қайраткерлердің жеке хат алмасулары (хаттар, ұсыныстар) ерекше қызығушылық тудырған. Хат авторлары Қытаймен арадағы шекаралық мәселені өз беттерінше реттемек болған. Аталған құжаттардың субъективті сипаты бар, себебі жекелеген тұлғалардың пікірін білдіреді. Осы мәселеге қатысты бірқатар еңбектер мен мақалалар жарық көрді, оларды 3 топқа бөліп көрсетуге болады: кеңестік тарихи жазбалар; кеңестік дәуірден кейінгі тарихи жазбалар (ресейлік және қазақстандық); шетелдік тарихи жазбалар.

Бірінші топтағы жұмыстарды қарастыра отырып, олардың маркстік-лениндік идеология тұрғысында жазылғандығына көз жеткізуге болады. Авторлар әдебиеттер қорын орыс-қытай келісім құжаттарын – патшалық дәуірдегі құжаттарды басшылыққа алған.

XIX ғасырдың соңында осы құжаттарға сәйкес мемлекеттік шекара желісі белгіленген. Сондай-ақ аталған мәселе халықаралық қатынастардың тек екі факторы – КСРО мен Қытайға ғана қатысты болды. Соған сәйкес авторлар шекаралық мәселені бүкіл Одақпен байланыстыра қарастырады. Осы мәселеге қатысты А.Прохоровтың еңбегі өз құндылығымен ерекшеленеді. Оның жұмысында кеңес-қытай мемлекеттік шекарасының қалыптасу тарихы жан-жақты баяндалады, шекара туралы келісімшарттарға құқықтық талдама жасалады және КСРО территориясына деген «маошылардың» негізсіз дәмеленуі ашық көрсетіледі. Сондай-ақ, А.Прохоров мемлекеттік шекара туралы жалпы ұғымды белгілеп, патшалық дәуірдегі барлық келісімшарттық құжаттарды ұсынады.

Кеңестік тарихи жазбалардың ішінде атап өтетін еңбек – кеңестік қытайтанушы ғалымдардың мақалалар жинағы. Бұл мақалаларда Пекиннің көршілес мемлекеттерге деген негізсіз территориялық дәмесі сөз болады. Сондай-ақ осы жерде Пекин баспасөзінің жалғандығы мен кереғар ойлары, басқыншылық іс-әрекеттері көрінді. Қытай басшылығының сыртқы саясатта қолданған бағытының мәні баяндалды.

Теоретикалық жұмыстар қатарында Б.М. Клименконың еңбектерін атауға болады. Онда территориялық тұтастық пен бір-біріне қол сұқпаушылық мәселелері сөз болған. Аталған еңбектер мемлекеттік шекараның халықаралық-құқықтық дәрежесін, бүкіләлемдік бейбітшілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі олардың қол сұқпаушылық және мызғымайтындық мәні берілген. Берілген еңбектерде территориялық дау-дамайдың табиғаты мен мәні, олардың территориялық жанжалдардан айырмашылығы көрсетіледі. Сондай-ақ осы дау-дамайға ілесе жүретін қарулы қақтығыстардың сипаты, халықаралық дауларды бейбіт жолмен шешудің құқықтық негіздері қаралған.

Кеңестік дәуірден кейінгі тарихи жазбалардың кейбіреуі шекаралық мәселені тарихи тұрғыдан қарастырса, кейбіреуі аталған мәселенің қазіргі жағдайы мен оны реттеуді көрсетеді. Мәселені авторлар қытай ерекшелігін ескере отырып, кең қарастырған.

КСРО мемлекеті тарағаннан және жаңа тәуелсіз мемлекеттер пайда болғаннан кейін Қытаймен шекаралық мәселені реттеу бойынша бірқатар келісімшарттар жасалды. Сондықтан берілген еңбектер кең ауқымды қамтыған. Геосаяси конфигурация өзгерді, Қытаймен шекарасы ортақ акторлар көбейді. Егер КСРО бұрын солтүстік және батыс жақтан бірегей актор болса, қазір ол төрт мемлекет: Ресей, Қазақстан, Қырғыз Республикасы және Тәжікстан.

Кеңестік дәуірден кейінгі Ресей тарихи жазбаларының ішіндегі елеулісі – Ю.М. Галеновичтің монографиясы. Онда XX ғасырдағы Ресей-Қытай шекарасының қысқаша очеркі берілген. Бұл еңбекті әдебиеттер қатарына жатқызуға болады, себебі мұнда автордың 1960-1970 жылдардағы екіжақты келіссөздер мен консультациялар туралы еске алулары бар. Автор келіссөздердің қатысушысы болған, сонымен қатар 1969 жылғы Даманск аралы бойынша өрбіген оқиғалардың басталуы мен аяқталуы туралы өз көзқарасын білдірген. Бірақ бұл жұмыста Орталық Азияға қатысты мәселелер қамтылмаған, онда Ресей мен Қытай арасындағы шекаралық мәселеге қатысты өзара қарым-қатынастар толықтай берілген.

Ресей зерттеушісі В.В. Стефашиннің еңбегін осы еңбектердің бірегейі деп айтуға болады, ол әскери ынтамақтастық пен Қытайдың әскери доктринасы тәрізді сұрақтармен айналысқан.

Тұтастай алғанда осы тақырып баспасөзде де көрініс берген. Шекаралық мәселеге арналған көптеген мақалалар жарық көрді. Онда тақырып әр қырынан қаралып, трансшекаралық өзендерді – су ресурстарын бірлесе қолдану сөз болған.

Ал қазақстандық зерттеушілерге келсек, мемлекеттік шекараны делимитациялау мен демаркациялаудың соңғы үдерісі қазақстандық тарихшылар ел тарихын қайта сараптай

бастағанда белең алды. Яғни кеңестік дәуірде «жылы жауып қойылған» жаңа тарихи материалдар мен жарияланымдар ғылыми айналымға енгізіле бастады.

Сонымен қатар, Қазақстан-Қытай қарым-қатынастарының кейбір мәселелері Н.Ә. Назарбаевтың еңбектерінде қаралды. Шекаралық мәселе ҚР тәуелсіздігінің алғашқы жылдары ҚР сыртқы істер министрі қызметін атқарған, мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаевтың жеке монографияларында, сондай-ақ қазақстандық зерттеушілер Қ.Сұлтановтың, К.Ш. Хафизованың, К.Л. Сыроежкиннің еңбектерінде сарапталады.

Нәтижелер және оларды талқылау.

Қытай зерттеушілерінің пікірінше «мемлекеттің кешенді қуаты» – экономика, ғылым мен техника, сыртқы саяси тұрақтылық пен әскери қуаты [3]. Қытай зерттеушілерінің «стратегиялық шекара», «өмірлік кеңістік» тұжырымдамасын жасауы саяси, экономикалық және таза әскери сипаттағы себептермен түсіндіріледі. Саяси тұрғыдан алғанда мұндай тұжырымдама Қытайдың заңды құқықтары мен мүдделерін қамтамасыз етудің, мемлекеттік қауіпсіздігі мен әлеуметтік экономикалық табысты дамудың қажетті шарты болып табылады. ҚХР басшыларының пайымдауынша, тұжырымдаманы жасау әлемдегі бәсекелестік күреспен және осыған байланысты Қытайдың алдағы кезеңдегі стратегиялық шекараларды қайта бөлуге байланысты күдігімен түсіндіріледі. Тұжырымдаманы жасау экономикалық түсінікке негізделген, ол ең алдымен ҚХР-дың тұрғындар санының өсуімен байланысты. Ол мемлекеттің әрі қарайғы экономикалық қызметін қамтамасыз ету және «табиғи саланы» ұлғайту үшін кеңістікті көбейту қажеттілігін тудырады.

Континенттік ресурстардың шектеулігіне байланысты қытайлық мамандар континенттік шельфтерге, теңіздерге, полярлық облыстарға назар аудары бастады. Себебі бұл аумақтар мемлекет арасындағы бәсекелестікте стратегиялық шекаралардың маңызды бөлігі болып саналады.

«Өмірлік кеңістік» көлемі ҚХР-дың әскери мүдделерімен байланысты. Ол мүмкін болатын шабуылды алдын ала болжау үшін қолайлы жағдайлар жасау, басқыншылық күштерді барынша қашық шепке ауыстыру қажеттілігімен және әскери күштерді мемлекеттік шекара аймағынан «стратегиялық шекара» аймағына ауыстырумен түсіндіріледі.

Мәселен, Қытайдың маолық басшылығы Үндіқытай ауданы мен барлық Оңтүстік Шығыс Азияны өз ықпалы жүретін аудандар деп есептеген. Бұл туралы бірқатар ресми құжаттарда жарияланған. 1964 жылғы 10 шілдедегі «Территориялық тізімде» Мао: «біз бүкіл дүние жүзін бағындыруымыз керек» деп атап көрсетеді [4].

XX ғасырдың 60-жылдардың ортасында Мао біз Оңтүстік Шығыс Азияны алуымыз керек, яғни Оңтүстік Вьетнам, Таиланд, Бирма, Малайзия, Сингапурмен қосып алғанда, Камбоджаға қарсы бейбіт ұстанымды сақтауымыз керек. Оңтүстік Шығыс Азия өте бай аудан, онда табиғи қазбалар көп, ол жұмсаған шығынды өтейді. Ол аудан болашақтағы қытай өнеркәсібінің дамуы үшін өте пайдалы. Оңтүстік Азияны алғаннан кейін бұл ауданда біздің күштерді ұлғайтуға болады. Уақыт өте келе біздің өз күшіміз болады деп атап көрсетеді.

Өзінің территориялық дәмегөйлігінің заңдылығы жөнінде Мао ешқандай дәлелдер келтірмеген. Оның дәлелдері қандай еді? Жауабы – көптеген ғасырлар бойы Қытай богдыхандары осылай ойлап келді және оған қытай халқын да үйретті. Богдыхандар Қытай «бүкіләлем орталығы» – Чжун-ю, ал басқа мемлекеттер бағыныштылар деп есептеді және олар алым төлеуі қажет.

Көптеген ресми құжаттарда осы пікір қалыптасты. Мао басшылығы немесе әкімшілігі ешқашан қытайлықтар болмаған немесе кездейсоқ өткен жерлердің бәріне иероглифтық жазбаларда территориялық дәмелерін білдірді. Мұндай жерлерге жиырма миллионнан астам

қытай қауымдастығы тұратын бүкіл әлем территориясының көптеген бөлігі жатады. Оңтүстік – Шығыс Азияның бірқатар елдері «жоғалған қытай елдері» есебінде айтылды.

Ал Қазақстан мен Орталық Азияға келсек, ежелгі уақыттан бұл жерлер Қытайдың этникалық ауданы болмаса да, «Орталық Империя» билеушілерінің көзін қызықтырды. Бірнеше рет қытайлықтар көптеген ортаазиялық кеңістіктерді бағындырып алды (б.э.д. I ғасыр – б.э. III ғасыры Хань династиясы, б.э. VIII ғасыры Тан династиясы). Сол уақытта қытай шекаралары қазіргі Қазақстанның оңтүстік шығыс аудандарын Арал теңізіне дейін қамтыды. Ірі әскери жорықтар VIII және XIII ғасырларында жасалды. Сондай-ақ кішігірім әскери экспедициялар жорығы болды. Ресейлік зерттеуші М.В. Воробьев атап көрсеткендей «Қытай және оның маңындағы ойкуменде немесе Қытайға қатыссыз, Қытайда болмаған, Қытайға арналған, Қытайға қарсы немесе Қытаймен байланысты барлық оқиғалар қытай тарихи арнасына енгізілді. Қытай билеушілері өздерін бүкіл әлемнің нағыз билеушілеріміз деп санады» [5].

Шекаралық мәселенің келісімдік – құқықтық базасы.

XX ғасырдың басында Қытай мен Ресейге шекаралық желінің заңды негізін жасауға мүмкіндік берілді. Ол жалпы қабылданған принциптер мен халықаралық құқық нормаларының негізінде жасалды. Сөйтіп, Ресей–Қытай шекарасының барлық қосындысы сәйкес заңды құжаттармен, хаттамалармен, шекарасы көрсетілген карталармен ресімделді. Құжаттардың келесі тобы Қиыр Шығыстағы Ресей – Қытай мемлекеттік шекарасын белгілеуге арналды. 1689 жылғы 27 тамыздағы Нерчинск хаттамасы, 1727 жылғы 21 қазандағы Қияқты трактаты, 1858 ж. 16 мамырдағы Айгунь келісім шарты, 1911 жылғы 21 қазандағы Қашғар келісім шарты [6]. Келесі бір топ зерттеушілер Орталық Азиядағы шекараны ресімдеді. Бізді осы мәселе қызықтыратын болғандықтан Орталық Азияға қатысты келісімдік – құқықтық базаны қарастырамыз. XIV ғасырдың екінші жартысында Моңғол династиясы құлағаннан кейін және XVIII ғ. екінші жартысына дейін, 400 жыл көлемінде Қытайдың қазақ хандарымен және қазіргі Қазақстан аумағындағы басқа да иеліктермен ортақ шекарасы болған емес. Қазақтардың өміріндегі маңызды оқиға – Жетісуда қазақ хандығының құрылуы мен шекаралық территориясының ұзақ мерзімді қалыптасуы Қытайдың назарынан тыс қалды. Қазақ хандығы мен Орталық империя арасындағы жазық аралықта Жоңғар хандығы (1635-1757 жж) болды. Ол Қазақстан мен Қытай арасындағы байланыстарға кедергі жасады. Сол себепті XVIII ғ. ортасына дейін Орталық Азиядағы Ресей мен Қытай, соның ішінде Қазақстан шекарасы туралы сөз қозғау мүмкін емес.

Ресей өз тарихында Жоңғариямен шекара туралы келісім жасамақ тұрмақ, халықаралық келісім де жасамаған. Қытай жоңғарлардың жабайы, тағы деп танып, олармен ынтымақтасудан мүлдем бас тартты.

1727 жылғы 20 тамыздағы Ресей – Қытай шекарасы туралы Бөрін трактаты қазіргі солтүстік шығыс Қазақстан – Шығыс Қазақстан облысына қатысты шекара желісін белгіледі, алайда бұл жерлер жоңғарлардың бақылауында болды. Өзендер мен жоталар сол кездегі географиялық белгілер бойынша белгіленбегені туралы айтылмаған. Сонда да Бөрін трактаты 1727 жылғы 21 қазанда толықтай Қияқты трактатына енді. Оның негізінде шекараны демаркациялау жүргізіліп, жүздеген шекаралық бағаналар қойылды. Қытайдың Жоңғарияны басып алуына дейін 1756 жылғы «бөрін» шекарасы өзгерістерге ұшыраған жоқ. Қытайда Цин маньчжур билігі орнап, 1757 жылы Жоңғар, Яркент хандықтарын басып алуынан кейін қытай шекарасы Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан территорияларына жақындады.

Орта және ұлы жүз тайпаларының Ресейге қосылуына дейін орталық, оңтүстік және оңтүстік-шығыс Қазақстанда (1755-1821 жж) қазақ хандарының жоңғарлар басып алған

жерлерді кері қайтару әрекеттері орын алды. Жаңа билеуші – Цин империясымен келіссөздер жүргізілді, Цин империясы жоңғар мұрагерлігінен үміткер болды. Қазақ хандығының өкілдері цин үкіметімен келіссөздер жүргізудің бастамашысы болды. 1755 жылы қазақ жаушылары Жоңғариядағы цин әскерінің басқарушысына Ташкентке бақылау орнатқанын ескерткен. Анығында 1757 жылы цин барлау отряды Ташкентке жақындағанда ежелгі керуен жолдарының маңызды пункті болған қаланы қоршаған қазақтарды көрген. 1751 жылы қазақ елшілері Тарбағатайдағы өз жайылымдарын кері қайтару мәселесін көтерген. Жоңғар хандығы жойылған сәтте қазақ, қырғыз феодалдары мен Ташкент, Қоқанд билеушілері Жоңғар хандығына тәуелді болмай қалды. Керісінше өзара шайқастардан шаршаған жоңғар хандығы басқа халықтардан қолдау күтті.

1758 жылы Орталық Азияда жоңғар мұрагерлігі туралы сөз қозғау мүмкін болмады, одан кейінірек Қытай ұлтшылдары дәмелене бастады. Цин империясымен бірге Орталық Азияға батыстан, солтүстіктен және шығыстан Ресей империясы ене бастады. Қазақстанның Ресейге қосылуы аяқталғаннан кейін (1822-1882 жж.) шекара туралы мәселе Ресей мен Цин империяларының айрықша құзырында болды. Цин империясы Жетісуда орыс және қоқанд бекіністерін салуға қарсылық білдірген қазақтарды қолдады.

Алайда «апиын соғыстарынан» және елдің шеткері аймақтарындағы мұсылмандар көтерілісінен шаршаған ел Шыңжаңды жоғалтып алудың алдында тұрды. Екі державаның бір-біріне қарсы өктемдік жүргізуі және XIX ғасырдың аяғында бірқатар келісім – шарттардың жасалуы нәтижесінде Орталық Азияның саяси картасын қайта пішімдеу аяқталды.

Цин династиясы кезеңінде Қазақстан-Қытай шекаралық мәселесіне қатысты үш негізгі құжатқа қол қойылды. 1860 жылғы 2 қарашадағы Пекин қосымша келісім шарты, 1864 жылғы 25 қыркүйектегі Шәуешек хаттамасы, 1881 жылғы 12 ақпандағы Санкт-Петербург келісім шарты.

Сол кезеңде Орталық Азияны делимитациялау мүмкін болмады, себебі сол ауданның нақты, дәл карталары болған жоқ. Шекара 3 кезең арқылы бекітілді:

1-ші кезеңдегі 1860 жылғы 2 қарашадағы Пекин келісім шарты. Зайсан мен Ыстықкөл көлдеріне қатысты Монғолиядан Қоқандқа дейінгі болашақ шекараның жалпы бағытын белгіледі. Бұл учаскедегі шекара үшін келісімдік карта қосымша берілмеді, себебі ол уақытта сенімді картографиялық негізбен тұрғылықты жер туралы нақты мәліметтер болмады.

Келісім шартта атап өтілгендей, шекаралау жұмыстарын арнайы комиссарлар жүргізді деп көрсетілді, олардың жасаған хаттамалар мен қосымшалар «келісім шарттың толықтырушы бабы» болып саналады.

1864 жылғы Шәуешек хаттамасы осындай құжат болып табылады. Пекин келісім шарты Ресей үкіметінің XVII ғасырдағы шекараланбаған Қиыр Шығыс жерлерін шекаралау бойынша ұзақ мерзімді әрекеттерін және Орта Азияда Ресей-Қытай шекарасын орнатуды аяқтады. Келісім шартта көрсетілген жерлер ешқашан Қытай мемлекетінің бөлігі болған емес, қытай халқы ол жерлерде тұрмаған және Қытаймен экономикалық, саяси, техникалық мүдделері бойынша байланыста болмаған.

2-ші кезеңде 1864 жылғы 25 қыркүйектегі Шәуешек хаттамасы жасалды. Онда шекара жобасымен 25 шақырым (1:1 050000) масштабымен шекараның сызбалық картасы және шекараны жүзеге асыру ережелерінің жобасы берілді. Шәуешек хаттамасы Пекин келісім шартын орындау үшін жасалды және жалпыға белгілі географиялық бағыттармен шекараның өтуін айқындады, «екі ел арасындағы Шабин-Дабагадан бастап Қоқанд шегіндегі Цунлин жотасына дейін» Пекин трактатына қосымша ретінде енгізілді [7].

Шекара 3 кезеңде орнатылды, бұл кезде жеделдетілген топографиялық түсіру жұмыстары жүргізілді, нақты белгіленген желілерге сәйкес Шәуешек хаттамасы ережелерінің негізінде анықталды. Шекаралық белгілер қойылды, шекараны делимитациялау демаркациялаумен бір мезгілде аяқталды, сол себепті оның өту сызбалары 3-ші кезең хаттамаларында берілді.

Шәуешек хаттамасының негізінде шекараны бекіту Жоңғария мен Шығыс Түркістанның қытайлық емес халықтарының маньчжур-қытай отаршыларына арналған 1864 жылғы көтерілісіне байланысты ұзаққа созылды. Сол себепті Шәуешек хаттамасы нақты іс жағдайына сәйкес болмады. Ресей келісімдер шегінен шығып кетіп, 1871 жылы өз әскерін Іле жазығына жіберді. Шәуешек хаттамасы бойынша шекара Қазақстанның Қытайға деген территориялық талап-тілегіне негіздеме болып табылды немесе керісінше. Нақты демаркациялау жүргізілген жоқ, көптен территория үшін талас жүргізілді, ешкімнің меншігіне жатпаған жерлерді «бекіту» бойынша бір жақты қадамдар жасалды. 1964-1969 жылдары В.М. Флоринскаяның пікірінше Ресей Зайсаннан Алтайға дейінгі кейбір дала учаскелерін өзіне қосып алды [8].

1969-1970 жылдары шекара Шабин-Дабаға асуынан (Батыс Саян жотасы) Хабар асу (Тарбағатай жотасына) дейін хаттамамен бекітілді [9]:

1) Ресей және Дацин империялары арасындағы мемлекеттік шекараны көрсету, Сайлыемген жотасындағы Боғысұқ асуынан Ақтөбе тауына дейін қол қойылған орнына байланысты – 1869 жылғы Ақтөбе хаттамасы.

2) Сайлыемген шекаралық жотасынан Боғысұқ асуынан Шабин-Дабаға асуына дейін Ресей мен Цин империялары арасындағы мемлекеттік шекараны бекіту 23.08.1869ж. - Шыңғысты хаттамасы.

3) Ақтөбе тауынан Тарбағатай жотасындағы Хабар асу өткеліне дейінгі Ресеймен Дацин империясы арасындағы мемлекеттік шекараны бекіту, 31.06.1870ж. - Хабар-асу хаттамасы.

Хабар асу өткелінен оңтүстікке қарай шекара 1881 жылы Петербург келісіміне қол қойылғаннан кейін бекітілген.

Цин үкіметі көтерілісті басқаннан кейін орыс әскерлерін Құлжадан алып кетуді және Шәуешек хаттамасын қайта қарауды талап етті. 1872 жылы Сергиопольде өткен келіссөздердің нәтижесі болмады. 1879 жылы Ливадия келісімі бойынша Іле өзенінің «батыс учаскесі» және Текес өзенінің барлық жазығы Ресей жағына өтіп кетті. Ірі соғыс қаупі туындады. Бірақ жанжал бейбіт жолмен шешілді. Ресей жағы көнгіштік жасады. 1881 жылғы 12 ақпандағы Санкт-Петербург келісімі 1871 жылы орыс әскерлері басып алған Іле аймағын Қытайға қайтаруды қарастырды.

Алайда Ресей «Ресейлік бодандықты» қабылдаған кейбір тұрғындар үшін батыс жағының кішірек бөлігін өзіне алып қалды. Іле аймағындағы жаңа орыс-қытай шекарасы Хоргос өзенінің ағысымен Іле өзеніне құйғанға дейін Беджинтау тауларынан оңтүстікке қарай 1864 жылғы Шәуешек хаттамасы белгілеген шекаралық желімен түйісті. Сондай-ақ, Зайсан көлі мен Қара Ертіс өзені ауданында шекаралық белгіні және белгі қойылмаған жерлерде оны қоюды қарастырды. Ресейдің Ферғана облысы мен Қытайдың Қашғар облысының батыс жағы арасындағы шекара мен шекаралық белгілерді қоюды комиссарлар қолға ала бастады.

1882 жылы Шәуешек хаттамасына сәйкес 1864 жылғы Хабар-асу өткелінен (Тарбағатай жотасы) оңтүстікке қарай шекараны белгілеу жұмысы жалғасты. Бір мезгілде 1881 жылы Петербург келісімін орындау жүргізілді, 1869-70 жылдары солтүстік жақта белгіленген шекараны түзету жұмыстары, Іледе жаңа шекараны орнату, Ферғанадағы

шекараны растау жұмыстары жалғасты. Жұмыстар арнайы хаттамалардың ресімделуімен 1884 жылы аяқталды.

Гүлімтау табиғи межесінде 18.10.1882 жылы қол қойылған хаттама (қысқаша Бірапам хаттамасы) Нарынқол өзенінің жоғарғы жағындағы учаскеден Қарабадан асуына дейінгі шекараны (Жоңғар Алатауының шығыс жағы) анықтады. Осы учаскеде Текес, Іле жазығында және таулы өткелдерде шекараны белгілейтін 33 шекаралық белгі қойылды. Хаттамаға қоса екі жақтың комиссарлары жасаған келісімдік карта, ол шекара туралы құжат ретінде бекітілді. 1882 жылдың 25 қарашасында Қашғарда қол қойылған Нарынқол өзенінің жоғарғы жағынан Бедел шатқалына (Көкшал тау жотасы) дейінгі шекараны айқындады. Таулардан өтудің қиындығы себебінен бір шекаралық белгімен (Бедел өткелі) белгіленді. Хаттамамен қоса қытай және орыс комиссары жасаған шекара карталары қоса берілді. Оны екі жақ хаттама даналарын ауыстыру барысында бір-біріне тапсырды.

Алайда бір аймақ проблемаларының шешілуі жаңа проблемалардың пайда болуына алып келді. Хоргос өзені құмдық өңірлермен аға отырып, бағытын үнемі өзгертетін. Қытайлар өз пайымдауынша өзеннің біріккен тұстарын өз пайдаларына есептеді. Алтайда жаңа шекараның бекітілуі тағыда бір алауыздық тудырды. Шекараның Алтай учаскесі қазіргі қалпына келтірілуі үшін қосымша келісім шарттар қажет болды. Сарыүлен-Шибар шатқалының Қабы өзенінде 1883 жылдың 31 шілдесінде қол қойылған шекараны өзгерту туралы хаттама (қысқаша Қабы хаттамасы 1883ж.) 1881 жылғы Петербург келісімін орындау үшін Сауыр таулы жоталарының арасындағы жаңа учаскеде және 1809 жылғы Ақтөбе, 1870 ж. Хабар-асу хаттамасы бойынша бекітілген ескі шекараның орнындағы Оңтүстік Алтайдың солтүстік жағында жаңа шекараны белгіледі. Хаттамамен қоса масштабы 20 дюйм шақырымдық (1 : 840000) келісім картасы қоса берілді. Мұзтау тауының батысы, Сауыр жотасы және Қабы өзенінің шығыс жағында, Оңтүстік Алтай жотасында аталған хаттамалармен белгіленген бұрынғы шекара өзгеріссіз қалды.

Жаңа шекара Қара Ертіс өзенінен солтүстікке қарай Алқабек хаттамасымен, ал оңтүстікке қарай 1883 жылғы Майқапшағай хаттамасымен бекітілді. Бұл бекіту негізінен алғанда Қабы хаттамасымен сәйкес болды, тек Қутал өзені (Майқапшағай хаттамасы) учаскесінен сәл ауытқу болды. Шекарада барлығы 27 белгі орнатылды, 4-уі Қара Ертіс өзенінен солтүстікке қарай, 3-уі оңтүстік жаққа қарай қойылды. Хаттамалармен қоса келісімдік карталар берілмеді, 1881 жылғы Петербург келісімінің 9 бабын орындау үшін Шәуешек хаттамасына 1883 жылы 21 қыркүйекте қол қойылды. 1864 жылғы Шәуешек хаттамасына сәйкес Қарадабан асуы (Жоңғар Алатауының шығыс жақ тау жоталары) учаскесінен Хабар асуына (Тарбағатай жотасы) дейін шекара белгіленді. Хаттамаға масштабы 25 дюйм шақырым (1: 1 050 000) келісімдік карта қоса берілді. Осы учаскеде екі жақтың комиссарлары барлығы 21 шекаралық белгі қойды, олардың тізімі хаттамада келтіріліп, орналасу жері картада көрсетілді. 1884 жылдың 25 сәуірінде қол қойылған Жаңа Марғелан хаттамасында 1881 жылғы Петербург келісімін орындау үшін шекара Бедел асуынан (Көкшал жотасы) Үзбел асуына (Солтүстік Памир, Сарыкөл жотасы) дейін орнатылып, бұл асудың оңтүстігіне қарай орнатылмады. Хаттамаға қоса қытай, орыс ауыспалы карталары қоса берілді. Хаттамаға сәйкес бекітілген шекара желісі Бедел асуынан Еркештам пунктына дейін 28 шекаралық белгі қойылды, әрі қарай Еркештамнан Үзбел асуынан дейін шекаралық белгілер қойылмаған. Үзбел асуынан оңтүстікке қарайғы территорияда 10 жыл көлемінде шекаралық меже жүргізілмеген. Ноталар ауыстыру арқылы жасалған 1894 жылғы Петербург келісінде екі жақтың Сарыкөл жотасындағы мүдделері бойынша «алдағы уақытта Ресей мен Қытай арасында Памирде шекараны межелеуде «шектен шықпау» туралы сөз байласуға қол жеткізілді. Қытай жағы 1894 жылы 5 сәуірде

ауызша сөз жүзіндегі нотасында осы тау жотасының батыс жағындағы аудандарға өз дәмесін білдірді, алайда оның құқықтық негізі жоқ болатын.

1882-1883 жылдары шекараны белгілермен межелеу жұмыстары жалғасты, 1894 жылдың басында Орталық Азияда ресей-қытай шекарасын белгілеу арқылы ресей және цин үкіметтерінің көп жылғы жұмысы аяқталды. Шекараны демаркациялау жұмыстары Шәуешек хаттамасы мен Петербург келісімінің қағидаларына барлық жағынан сәйкес келмегендігін атап өту қажет.

Алдағы уақытта жерді бөлуде мұндай көңіштікке жол берілген жоқ, Қытай Ресейге территориялық мәселелерді қайта қарауды бірнеше рет ұсынды. Соңғы қосымша хаттама – 1915 жылғы 30 мамырдағы Курэ хаттамасы, өзен бағытының өзгеруіне байланысты Хоргос өзені мен Іле өзенінің тармағында шекараны нақтылады, бұл Ресей мен Қытай территорияларының түпкілікті бөлінуіне алып келді.

1917 жылдан кейін Қытай тарапынан ешқандай территориялық шағымдар болған жоқ. Сол уақытта қытайда ішкі жанжалдар мен өзара қырқыстар өршіп тұрды. Яғни Қазақстан мен Қытай шекарасының қалыптасу тарихы XVIII ғасырдың ортасына барып тіреледі және біздің заманымызда XX ғасырда аяқталады. Күрделі үдерістің хронологиялық шектен шықпанын көруге болады, яғни екі жүз жылдан астам уақытты қамтыды.

Қорытынды.

Әр мемлекеттің көршілеріне қатысты қауіпсіздік негіздері – заңды түрде нақты ресімделген және әлемдік қауымдастық мойындаған мемлекеттік шекараның өту желісі туралы сәйкес келісімдер. Шекара беріктілігі – кез келген мемлекеттің қауіпсіздік пен тұрақтылығының кепілі. Халықаралық қауымдастықтың кез келген мүшесі осыған ұмтылады.

Заңды ресімделген шекара – екі маңызды халықаралық принциптердің орындалуының кепілдігі. Ол шекараның мызғымастығы мен мемлекет шекарасының тұтастығы принциптері. Қазақстан-Қытай екі жақты қатынастарындағы мемлекеттік шекараны реттеу Қазақстан сыртқы саясатының ірі табысы болып саналды. Себебі ол қазіргі және болашақ ұрпақ үшін оңтүстік шекаралардың қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Қытаймен арадағы шекараны құқықтық рәсімдеу туралы құжаттарға қол қойылуы келіссөздер арқылы мемлекеттік шекара мәселесін шешуге болатынын бүкіл әлемге паш етті. Бірнеше жылдар бойында Қазақстан ірі беделді көрші Қытаймен шекаралық мәселені реттеуге қол жеткізді. Қазақстан-Қытай шекарасы тарихы XVIII ғасырдан басталып, XX ғасырда біздің көз алдымызда аяқталады. Бұл күрделі процестің хронологиялық шеңбері екі жүз жылдықты құрайды.

Шекараны нақтылау нәтижесінде жақтар заңды ресімделген шекараға ие болды. Бұл шекарада тұрақты жағдайдың қалыптасуына, сенімділіктің нығаюына, сондай-ақ XXI ғасырға бағытталған тату қарым-қатынастардың дамуына әсер етеді. Қазақстан ТМД елдері ішінде алғашқылардың бірі болып Қытаймен заңды ресімделген шекара сызығын жүргізді. Әлемдік тәжірибеде шекаралық мәселені өзара келісім мен кеңес берулер арқылы бейбіт жолмен шешудің мысалдары бар. Мұндай қадам сенімді және өнімді болып келеді, шешімнің басқа түрлері оны кейінге шегеру немесе елемей дағдарыстарға әкелуі мүмкін. Көп жағдайда территориялық даулар әскери жанжалдардың себебі болып келген.

Қосымша келісімдерге қол қойылу арқылы ұзақ келіссөздік процесс аяқталды. Бұл тарихи келісімдерге қол қойылудың маңызы өте жоғары, себебі болашақта жаңа территориялық және шекаралық даулардың саяси, заңды негіздерін жоққа шығарады және Қазақстан қауіпсіздігінің қосымша кепілі болып табылады. Бұл құжаттар күшіне енгеннен кейін Біріккен Ұлттар Ұйымында тіркеледі, келісімге қатысушылардың ешқайсысы келесі жаққа территориясы бойынша талап қоя алмайды, себебі құжаттар шекара өтуінің кепілі

болып табылады. Қытай қазіргі уақытта қуатты мемлекетке айналуға бар күшін салып отырғандығын атап өту керек.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

- 1 Хафизова К.Ш. Казахстанско-китайская граница в прошлом и сегодня. Многомерные границы Центральной Азии. — М. — 1999. — 96 б.
- 2 Ратцель Ф. Политическая география. — М. — 2003. — С. 55-56
- 3 Стефашин В.В. Политические аспекты военной доктрины Китая. Восток. — 1992. — №6. — С. 220.
- 4 Маоизм без прикрас. Сборник. — М. — 1980. — С.223-224
- 5 Воробьев М.В. Чжурчжэни и государство Цзинь (X в. - 1239). Исторический очерк. — М. — 1975. — 3 с.
- 6 Прохоров А.К. К вопросу о советско-китайской границе. — М. — 1975. — С. 249-252
- 7 Прохоров А.К. К вопросу о советско-китайской границе. — М. — 1975. — 262 с.
- 8 Воробьев М.В. Чжурчжэни и государство Цзинь (X в. - 1239). Исторический очерк. — М. — 1975. — 3 с.
- 9 Громыко А.А., Ковалева А.Г. Дипломатический словарь. — М. — 1986. — 580 с.

ВНЕШНЕПОЛИТИЧЕСКИЕ КОНЦЕПЦИИ КИТАЯ В ОТНОШЕНИИ СТРАТЕГИЧЕСКИХ ГРАНИЦ И ЖИЗНЕННОГО ПРОСТРАНСТВА

Аннотация.

Вопрос государственной границы между Казахстаном и Китаем является одним из актуальных в истории международных отношений. Политическая значимость данной темы заключается в обеспечении национальной безопасности для каждого государства, сохранении территориальной целостности и независимости.

Необходимо отметить, что как субъект международных отношений любому государству присущи 3 признака: территория, население и политическая организация. Геополитическая составляющая государства заключается не только в наличии у него определенной территории, но и политического пространства. А независимость государства и его фактор безопасности как важнейшие составляющие отражают его политичность. На государственной границе скрывается сложный комплекс национальных интересов страны и отношений между ними. Юридически оформленные и международно признанные границы являются характеристикой любого государства. Если герб, флаг, гимн, конституция определяются каждой страной, установление линии государственной границы требует заключения необходимых международных контрактов и признания их мировыми сообществами. В связи с этим прочность, справедливость границ зависят не только от географических характеристик демаркационной сети, но и от понимания, достигнутого обеими заинтересованными сторонами.

После обретения независимости Казахстан стал полноправным актором международных отношений. Одним из важных вопросов для нашего государства является безопасность, основа ее обеспечения — укрепление границ Республики.

Ключевые слова: Республика Казахстан, КНР, граница, делимитация, демаркация, международные отношения.

CHINA'S FOREIGN POLICY CONCEPTS REGARDING STRATEGIC BORDERS AND LIVING SPACE

Abstract.

The issue of the state border between Kazakhstan and China is one of the most relevant in the history of international relations. The political significance of this topic lies in ensuring national security for each State, preserving territorial integrity and independence.

It should be noted that as a subject of international relations, any state has 3 characteristics: territory, population and political organization. The geopolitical component of the state consists not only in the presence of a certain territory, but also in the political space. And the independence of the state and its security factor as the most important components reflect its politicality. A complex complex of national interests of the country and relations between them is hidden on the state border. Legally established and internationally recognized borders are a characteristic of any

State. If the coat of arms, flag, anthem, constitution is determined by each country, the establishment of the state border line requires the conclusion of the necessary international contracts and their recognition by the world communities. In this regard, the strength and fairness of borders depend not only on the geographical characteristics of the demarcation network, but also on the understanding reached by both stakeholders.

After gaining independence, Kazakhstan became a full-fledged actor in international relations. One of the important issues for our state is security, the basis for its provision is the strengthening of the borders of the Republic.

Key words: Republic of Kazakhstan, PRC, border, delimitation, demarcation, international.

REFERENCES

- 1 Hafizova K.Sh. Kazakhstansko-kitaiskaya granitsa v proshlom i segodnya. [*The Kazakh-Chinese border in the past and today*]. Mnogomernye granitsy Tsentral'noi Azii. M. 1999. 96 p. [in Russian]
- 2 Ratcel' F. Politicheskaya geografiya. [*Political geography*]. M. 2003. P. 55-56 [in Russian]
- 3 Stefashin V.V. Politicheskie aspekty voennoi doktriny Kitaya. [*Political aspects of China's military Doctrine*]. Vostok. №6. 1992. 220 p. [in Russian]
- 4 Maoizm bez prikras. [*Maoism without embellishment*]. Sbornik. M. 1980. P. 223-224 [in Russian]
- 5 Vorob'ev M.V. Chzhurchzheni i gosudarstvo Tszin' (H v. - 1239). [*Jurchen and the Jin State (X century - 1239)*]. Istoricheskii ocherk. M. 1975. 3 p. [in Russian]
- 6 Prohorov A.K. K voprosu o sovetsko-kitaiskoi granitse. [*On the question of the Soviet-Chinese border*]. M. 1975. P. 249-252 [in Russian]
- 7 Prokhorov A.K. K voprosu o sovetsko-kitaiskoi granitse. [*On the question of the Soviet-Chinese border*]. M. 1975. 262 p. [in Russian]
- 8 Vorob'ev M.V. Chzhurchzheni i gosudarstvo Tszin' (X v. - 1239). [*Jurchen and the Jin State (X century - 1239)*]. Istoricheskii ocherk. M. 1975. 3 p. [in Russian]
- 9 Gromyko A.A., Kovaleva A.G. Diplomaticheskii slovar'. [*Diplomatic Dictionar*]. M. 1986. 580 p. [in Russian]

Information about authors:

Saipulla Sapanov - **corresponding author**, director of the Kh.Dosmukhamedov Atyrau University Research Institute of History, Archeology and Ethnology of the Caspian region named after Kh.B. Tabyldiyev, doctor of historical sciences lecturer of the Department of “History of Kazakhstan and World History”, Atyrau, Republic of Kazakhstan

E-mail: cefosh1@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-0469-1254>

Arman Sarbayev - is a senior lecturer at the Department of “Public administration and international relations” of the International Kazakh-Turkish University named after Khoja Ahmed Yasawi, Turkestan, Republic of Kazakhstan

E-mail: areke75@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0009-0006-9219-8166>

Aisad Abdulov - master of Humanities, researcher at the Research institute of History, archeology and ethnology of the caspian region named after Kh.B. Tabyldiev, Kh.Dosmukhamedov Atyrau University, Kazakhstan, Atyrau, Republic of Kazakhstan

E-mail: aisad12@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-3919-5533>

Информация об авторах:

Сайпулла Сапанов - **основной автор**, директор Научно-исследовательского института Истории, археологии и этнологии Каспийского региона имени Х.Б. Табылдиева Атырауского университета имени Х.Досмухамедова, доктор исторических наук, кафедры «Истории Казахстана и всемирной истории», г. Атырау, Республика Казахстан

E-mail: cefosh1@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-0469-1254>

Арман Саурбаев - старший преподаватель кафедры «Государственного управления и международных отношений» Международного казахско-турецкого университета имени Ходжи Ахмеда Ясави, г. Туркестан, Республика Казахстан

E-mail: areke75@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0009-0006-9219-8166>

Айсад Абдулов - магистр гуманитарных наук, научный сотрудник научно-исследовательского института Истории, археологии и этнологии Каспийского региона имени Х.Б. Табылдиева, Атырауского университета имени Х.Досмұхамедова, г. Атырау, Республика Казахстан

E-mail: aisad12@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-3919-5533>

Авторлар туралы ақпарат:

Сайпулла Сапанов - негізгі автор, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті Х.Б. Табылдиев атындағы Каспий өңірінің тарихы, археологиясы және этнологиясы ғылыми-зерттеу институтының директоры, тарих ғылымдарының докторы, «Қазақстан және дүниежүзі тарихы» кафедрасы, Атырау қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: cefosh1@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-0469-1254>

Арман Саурбаев - Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университетінің «Мемлекеттік басқару және халықаралық қатынастар» кафедрасының аға оқытушысы, Түркістан қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: areke75@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0009-0006-9219-8166>

Айсад Абдулов - Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Х.Б.Табылдиев атындағы Каспий өңірінің тарихы, археологиясы және этнологиясы ғылыми-зерттеу институтының ғылыми қызметкері, гуманитарлық ғылымдар магистрі, Атырау қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: aisad12@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-3919-5533>